БІЗДІҢ ПРОФЕССОР

ұлағатты ұстаз, білім мен ғылым саласына зор еңбек сіңірген Әлмахан Бекентегі туралы бір үзік сыр

Әлмахан Бегентегі 1940 жылы 4-ші қаңтарда Оңтүстік Қазақстан облысының (қазіргі Түркістан) Түркістан ауданындағы Майдантал елді мекенінде колхозшы отбасында дүниеге келген. Сол жерде Әлмахан ағамыз балалық шақтың қызығын, мектеп табалдырығын алғаш аттап, орта мектепті бітіреді.

Отбасылық жағдайға байланысты 1957 жылдың жазында өз еңбек жолын қарапайым жұмысшыдан бастауға мәжбүр болды. Әлмахан ағамыз кен орнында жұмыс жасады, өзінің орталау мектепте бірге оқыған сыныптастарынан бір жыл кейін, кешкі жұмысшы жастар мектебін 1960 жылы ойдағыдай аяқтайды.

Ол отбасындағы ауру ағасына қарайлағанымен өз қатарынан, заман талабынан қалыс қалуға болмайтындығын, бұл өмір талабы екендігін сезіне білді. Сонымен күнделікті шахта және үй шаруашылығымен арпалыса жүріп, кәмелеттік аттестат алған соң сол кездегі астанамыз – Алматыға, білім бұлағынан сусындауға аттанады. Отбасындағы аурулардың ауыртпалығын жастайынан сезініп өскеннен болса керек, ол өз таңдауын Алматы медициналық институтына бұрды да, емтихандарды ойдағыдай тапсырып, бағы жанып, оқуға қабылданады.

Болашаққа сеніммен қараған Әлекең сол жылдың күзінде қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық (бұрынғы С.М.Киров атындағы) университетінің биология мамандығының кешкі оқу бөліміне ауысады да, 1970 жылы биология-химия мамандығын ботаника кафедрасы бойынша бітіреді. Күндіз жұмыс жасап, кешкісін оқитын елдегі тіршілік ағамыздың басына қайта оралды.

> *Жеңгеміз Гүлжаһан Исабайқызы Алматымен іргелес Белбұлақ ауылының тумасы, көпбалалы қарапайым колхозшы отбасынан. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей, енді барлығы ана басшылығымен еңбек етіп, арбасы қисайған жұпыны тұрмысты түзетуге жұмыла кірісті. Ағамыздың отбасы оңтүстік астана – Алматыға, яғни Жетісу жеріне қоныстанды. Көп ұзамай 1967 жылы қазан айында отбасы сәбилі болып, жас жұбайлар анасына немере сыйлады. Ағамыздың отбасы ұзақ жылғы күйзелістік жағдайдан соң кәдімгі ырғақты да, бірқалыпты, күнделікті тіршілік арнасына оралды.*

Әлмахан Қаленұлы осыншама қыруар шаруашылық ағымында білім мен ғылыми ізденістерді де жадынан бірде-бір сәт шығарған емес. Ол 1965 жылдан КазМУ-дың ботаника кафедрасындағы «Ризология» ғылыми – зерттеу зертханасының лаборанты, аға лаборанты, университеттің ботаникалық бағының меңгерушісі қызметтерінде, 1972-1975 жылдары кафедра аспиранты болды. Аспирантураны бітіргеннен кейін Алматыдағы Бас ботаникалық бағында кіші ғылыми қызметкер лауазымында жұмыс жасады.

1983 жылы академик Иса Омарұлы Байтулиннің ғылыми жетекшілігімен «Іле Алатауының биік белдеу өсімдіктерінің вегетативтік мүшелерінің тамыр жүйелері мен анатомиясы» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. Осылайша ризология ғылымына өз үлесін қосты.

Әлекең 1983 жылдан ҚазҰУ биология факультетінің ботаника кафедрасында ассистент, оқытушы, аға оқытушы, 1990 жылдан доцент, 2013 жылдан биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасының профессоры міндетін атқарушы болып қызмет атқарды. Әрі қиын, әрі қызық, күрделі оқытушылық қызмет атқара жүріп, бірнеше оқулықтар, ботаникалық сөздік, оқу құралдарын, әдістемелі нұсқаулар және типтік оқу бағдарламалар дайындады. Олардың кейбіреулері мыналар: «Өсімдіктер морфологиясы мен анатомиясы» екі басылымды оқулық (1993, 2001); «Ботаникалық орысша қазақша сөздік» (1996); Зертханалық сабақтарды және оқу-далалық практиканы орындауға арналған оқу құралдары (1987, 1994, 2011, 2014, 2019). Әдістемелік нұсқаулар (1987, 1990, 1991) және екі тілде типтік оқу бағдарламалары (1998, 2005).

Қазақтың ұлттық университеті білім мен ғылым ордасы болғандықтан, ондағы ұстаздар оқу жүктемесімен бірге, ғылыми ізденістерді қатар өрбітеді. Ұлағатты ұстаз ағамыз 80-нен астам ғылыми мақалалардың авторы және өз саласы «Ризология» бойынша алыс шетелдерде: Австрия астанасы Венада, бұрынғы Одақтың ірі ғылыми орталықтарында - Ташкентте, Душанбеде, Санкт-Петербургте, Мәскеуде және Тбилисиде, Алматыда ғылыми конференциялар мен симпозиумдарға қатысты.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жыл сайын білім сапасын жоғарылату бойынша Болон декларациясының талабын орындауда, білім беру жүйесін жетілдірудегі жоғары оқу орнынан кейінгі және жоғары оқу орнындағы ғылыми кадрларды дайындау бойынша білім бағдарламасының орындалуына қатысады. Бұл бағдарламаның орындалуына Әлекең де өз тарапынан зор үлесін қосуда.

Әлмахан Бегентегі жас ғалымдарды дайындауда да үлкен еңбек атқарды. Оның тікелей жетекшілігімен 2 ғылым кандидаты, бірнеше PhD докторы мен магистранттар дайындалды. Осылармен қатар бірнеше ондаған бакалаврлардың дипломдық жұмыстарының жетекшісі болды. Әлмахан Бегенов – Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері, Қазақстан ұлттық жаратылыстану ғылымдары Академиясының корреспондент-мүшесі. «Қазақ ұлттық университетіне– 80 жыл» мерекелік медалінің иегері. Оның факультеттегі жан-жақты қоғамдық - педагогикалық жұмыстары университет әкімшілігі тарапынан да елеусіз қалған жоқ, оған әр жылдары көптеген алғыстар жарияланып, 90-жылдардың басында университет бойынша үздік тәрбиеші, ұстаз ретінде Құрмет тақтасына ілінді, ал ұжымның 60 жылдық мерейтойында «Құрмет грамотасымен» марапатталды.

Қорыта айтқанда, Әлмахан Бекентегі ұлағатты ұстаз, өз заманының сөпз қырлы, бір сырлы, шежірелі ақсақалы, білім мен ғылым саласына зор еңбек сіңірген Азамат!

Бірлікбай ЕСЖАНОВ,
б.ғ.к, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасының доценті.

Бекзат МАҚҰЛБАЙҰЛЫ,
б.ғ.к, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасының аға оқытушысы.

Гүлжанат АМАНГЕЛДІҚЫЗЫ,
б.ғ.к, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасының доцент м.а.

Ақмарал НҰРМАХАНОВА,
PhD (PhD доктор деген мағынаны білдіреді)
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасының доценті м.а.

Меншік иесі – «Сұлтан медиа» орталығы

Директор – Нұрлан ӘУБӘКІР

Коммерциялық директор Назгүл ҒИЗАТОВА

Газет Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігінде тіркеуге алынып, есепке қою туралы №14415-Г куәлігі 19.06.2014 жылы берілді

Бас редактор – Думан БЫҚАЙ

Жауапты хатшы – Марат СӘБДІКЕН

Журналистер тобы:
Жарас КЕМЕЛЖАН,
Серік АНАРБАЙҰЛЫ, Ырысбек ДӘБЕЙ,
Ақеділ ТОЙШАНҰЛЫ, Нұрсерік ТІЛЕУҚАБЫЛ,
Болат ШАРАҚЫМБАЙ,
Аягүл МАНТАЕВА *(Мәскеу)*.
Астанадағы тілші: Өркен ЖОЯМЕРГЕН

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Сатжан ҚАСЫМЖАНҰЛЫ (Семей), Алаш ТҰРСЫНӘЛІ *(Алматы облысы)*, Нұршат ТӨКЕН *(ОҚО)*, Қуандық ТАНАБАС *(Павлодар облысы)*, Хамит ЕСАМАН *(Жамбыл облысы)*

РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ:
050052. Алматы қ., Таугүл-Мамыр ы-ауд., 11 үй, 4 патер, офис 57. 8 (727) 225-28-93, 8 707 403 12 60.
e-mail: dalanews@mail.ru

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8 707 878 85 89
Газет аптасына 1 рет шығады
«ҚАЛА мен ДАЛА» газетінің жазылу **индексі: 64 607**

ГАЗЕТ РЕДАКЦИЯНЫҢ КОМПЬЮТЕР ОРТАЛЫҒЫНДА БЕТТЕЛДІ.
Газет «Алматы-Болашақ» баспаханасында басылды, Алматы қаласы, С.Мұқанов көшесі, 223, «В»

Таралымы 8000. Тапсырыс 585

Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
Авторлар қолжазбасы өңделеді және кері қайтарылмайды.
Газетте жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакциядан жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.